

ЭТНО СТИЛДЕГІ МАУСЫМДЫҚ ӘЙЕЛДЕР ЖИЫНТЫҒЫНЫҢ ДИЗАЙН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Д.А. ЖАКИПБЕКОВА , А.Т. СЕЙТПАХИЕВА 

(М. Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Қазақстан Республикасы,
 080000, Тараз қ, Сүлейменов көш., 13)

Автор-корреспонденттің электрондық поштасы: dinara070717@gmail.com,
 asiya.turynalievna1986@gmail.com

Мақалада этно стилдегі маусымдық әйелдер жиынтығының этно элементтер негізінде ылғалды киіз басу технологиясы декоративті безендіруде қолданылды. Жобалау процесін дамыту, ғылыми негіздерді бағалау, ұлттық дәстүр мен заманауи костюмдердің гармониялық үйлесімділігін қамтамасыз ете алатын жаңа жиынтық үлгілері ұсынылған. Ұлттық дәстүрлерді зерделеу тұрғысынан заманауи маусымдық костюм дизайнын құрастыру. Костюмді этно элементтермен безендіру кезінде жаңалау және көркемдік бейне шешімдерінің пайда болу тәсілдерін жетілдіру. Ғылыми маңыздылығы – қазіргі сән бағытына сай, костюм үлгілерін жобалау үрдісінде ұлттық этно элементтерді қолдану, бұйымның эстетикалық сапасымен, костюмнің сәндік безендірілуінің жаңартылуында. Костюмде дәстүрлі элементтерді пайдалана отырып жүзеге асырып, олардың нәтижелерін киімнің көркемдік жобасында қолданылған. Мақсаты: Ұлттық костюмінің көркемдік құрылымының, элементтерінің, формаларының, декорацияларының, символикасын және бейнелерінің ерекшеліктерін қазіргі заманғы киім дизайны практикасында қолдану ерекшеліктерін анықтау. - қазақтың ұлттық костюмдеріне талдау жасап, заманауи дизайнға қолдануға болатын негізгі этникалық элементтерді бөліп көрсету; - қазақ ұлттық киімдерінің декоративтік безендірілуін зерттеу негізінде безендіру элементтерін жүйелендіру; - зерттелген этникалық элементтерге негізделген маусымдық костюмдер жиынтығының дизайнын жасау.

Негізгі сөздер: этно, бейне, костюм, стилизация, тренд, киіз, жүн, декорация, символика, топтама.

ФОРМИРОВАНИЕ ДИЗАЙН КОНЦЕПЦИИ ДЕМИСЕЗОННОГО ЖЕНСКОГО КОМПЛЕКТА В ЭТНИЧЕСКОМ СТИЛЕ

Д.А. ЖАКИПБЕКОВА, А.Т. СЕЙТПАХИЕВА

(Таразский университет им. М. Х. Дулати, Республика Казахстан, 080000, г. Тараз, ул. Сулейменова 13)
 Электронная почта автора-корреспондента: dinara070717@gmail.com, asiya.turynalievna1986@gmail.com

В статье рассмотрены технология мокрого войлока в этническом стиле в декоративном оформлении. Представлены новые модели декораций, способные обеспечить гармоничное сочетание национальных традиций и современных костюмов, развитие процесса проектирования, оценка научных основ. составление современного дизайна сезонного костюма с точки зрения изучения национальных традиций. Совершенствовать приемы обновления и появления художественных образных решений при декорировании костюма этно-элементами. Научная значимость заключается в использовании национальных этно элементов в процессе проектирования моделей костюмов в соответствии с современным направлением моды, эстетическим качеством изделия, обновлением декоративного оформления костюма. Реализованные с использованием традиционных элементов в костюме, их результаты были использованы в художественном проекте одежды. Цель: выявить особенности использования художественного строения, элементов, форм, декораций, символики и образов национального костюма в современном дизайне одежды. - проанализировать казахские национальные костюмы и выделить основные этнические элементы, которые можно использовать в современном дизайне; - систематизация элементов оформления на основе изучения декоративного оформления Казахской национальной одежды; - разработка дизайна демисезонных костюмов на основе изученных этнических элементов.

Ключевые слова: этно, декор костюма, стилизация, тренд, войлок, шерсть, символика, коллекция.

FORMATION OF THE DESIGN CONCEPT OF A DEMI-SEASON WOMEN'S SET IN AN ETHNIC STYLE

D.A. ZHAKIPBEKOVA, A.T. SEITPAKHIYEVA

(M.H. Dulati Taraz University, Kazakhstan, 080000, Taraz, Suleimenov str., 13)

Corresponding author's email: dinara070717@gmail.com, asiya.turynaliyeva1986@gmail.com

The article discusses the technology of wet felt in ethnic style in decorative design. New models of decorations are presented that can ensure a harmonious combination of national traditions and modern costumes, the development of the design process, and the evaluation of scientific foundations. drawing up a modern design of a seasonal costume from the point of view of studying national traditions. To improve the techniques of updating and the appearance of artistic imaginative solutions when decorating a costume with ethno-elements. The scientific and practical significance lies in the use of national ethno elements in the process of designing costume models in accordance with the modern fashion trend, aesthetic quality of the product, and updating the decorative design of the costume. Implemented using traditional elements in the costume, their results were used in an artistic clothing project. Purpose: to identify the features of the use of the artistic structure, elements, forms, decorations, symbols and images of national costume in the practice of modern fashion design. - analyze Kazakh national costumes and identify the main ethnic elements that can be used in modern design; - systematization of design elements based on the study of decorative design of Kazakh national clothes; - design development of demi-season costumes based on the studied ethnic elements.

Keywords: ethno, video, costume decor, stylization, trend, felt, wool, symbolism, collection.

Kіpіcne

Ұлттық киім қазақ тұрмысының маңызды бөлігі болып табылады. Ол халықтың тарихи-мәдени ерекшеліктерін көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар түрлі ою-өрнектер, түс палитрасы мен силуэт сияқты қазақ костюмінің элементтері заманауи киім топтамаларына эксклюзивтілік пен бірегейлік береді. Этно элементтерді қолдануға ұмтылыс жағдайында қазақ өнері мен дәстүрі дизайндағы маңыздылыққа айналып, шығармашылықтың жаңа көкжиектерін ашуда. Олай болса, қазақтың сәндік-қолданбалы өнері мен ұлттық киімінің заманауи дизайндағы рөлі мәдени мұраны сақтау ғана емес, оны заманауи өнердің жаңа түріне айналдыру болып табылады. Дәстүр мен қазіргі заманның үйлесуі қазақ мәдениетінің әлемдік аренада дамуына үлес қоса отырып, өзін-өзі тануға және мәдени диалогқа бірегей мүмкіндіктер туғызады [1].

Ұлттық киім ою-өрнектерінің ерекшеліктерін зерделеу – мәдени және тарихи аспектілерді қамтиды. Ұлттық киімдердегі ою-өрнектер көбінесе халықтың мәдени болмысының, салт-дәстүрінің, көркем шығармашылығының көрінісі болып табылады [2].

Үлгілерді зерттеу кезіндегі бірнеше негізгі аспектілер көрсетілген. Көптеген ою-өрнектердің халық тарихында тамыры тереңде жатыр. Олар дәстүрлердің, оқиғалардың, әлеуметтік құрылым мен өмір салтын сабақтастығын көрсете алады [3].

Ою-өрнектерде ерекше мағынаға ие белгілер жиі кездеседі. Ұлттық элементтерді костюмде қолдануды, XX ғ. орыстың сән мектебін қалаушысы суретші-сәнгер Н. Ламанова ұсынды [4,5]. Ол киімнің мәртебесін жаңа дәрежеге

көтерді. Сән ұстазының жұмысын Ф.М. Пармон ғылыми тұрғыда жалғастырып, өндірістік деңгейде орыс ұлттық киім элементтерін, қазіргі таң киімінде қолдануды, және дизайн жобалау әдісін жасап, киімді әзірлеуде дәстүрлі технологияны жаңғыртқан ғалымның бірі [6]. Қазақтың этно элементтері – бұл халықтың мәдениеті, тарихы, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын айқындайтын маңызды бөлшектер [7, 8]. Қазақ халқының тарихы терең және сан алуан, сондықтан этно элементтерді зерттеу тек мәдениеттану саласында ғана емес, сонымен қатар дизайн, сән және өнер салаларында да үлкен қызығушылық тудырады. Заманауи маусымдық жиынтықтарды жобалау барысында этно элементтерді пайдалану – ұлттық мәдениетті жаңғырту және заманауи трендтермен үйлестірудің тиімді тәсілі.

Этно элементтер – халықтың мәдениетінде, өнерінде, тұрмысында, киімінде, қолөнерінде басқа да салаларында көрініс табатын ұлттық ерекшеліктер. Қазақтың этно элементтері көбінесе табиғатпен, тарихпен, дәстүрлермен байланысты. Мысалы, ою-өрнектер, ұлттық киімдер, түрлі қолөнер – бұлардың барлығы қазақ халқының мәдени кодын құрайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланың мақсаты: Ұлттық костюмінің көркемдік құрылымының, элементтерінің, формаларының, декорацияларының, символикасын және бейнелерінің ерекшеліктерін қазіргі заманғы киім дизайны практикасында қолдану ерекшеліктерін анықтау.

- қазақтың ұлттық костюмдеріне талдау жасап, заманауи дизайнда қолдануға болатын негізгі этникалық элементтерді бөліп көрсету;

- қазақ ұлттық киімдерінің декоративтік безендірілуін зерттеу негізінде безендіру элементтерін жүйелендіру;

Бұл зерттеуде қазақтың ұлттық киімдерінен алынған этно-элементтерді қолдана отырып, демисезондық әйелдер костюмдерінің дизайнын жасау әдістері қарастырылды. Жұмыс барысында негізгі назар этно, бейне, костюм, стилизация, тренд, киіз, жүн, декорация, символика, топтама сияқты негізгі элементтерге аударылды.

Материалдар ретінде ылғалды киіз, ұлттық өрнектер және заманауи тігін материалдары қолданылды. Әдістемелік негіз ретінде қазақ ұлттық киімдерінің құрылымы, декоративтік безендіру тәсілдері, символика және этно-стилизованные шешімдер талданды

Зерттеу әдістері мен материалдары

• Қазақ ұлттық костюмдерін талдау және негізгі этно-элементтерді анықтау.

• Декоративтік безендіру элементтерін жүйелендіру, заманауи дизайнда қолдану мүмкіндіктерін зерттеу.

• Зерттелген этно-элементтер негізінде демисезондық әйелдер костюмдерінің дизайн концепциясын әзірлеу.

Зерттеу процесінде ұлттық дәстүрлер мен заманауи сән бағыттарын үйлестіру, костюмді этно-элементтермен безендіру арқылы көркемдік шешімдер жасау басты мақсат болды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Халық шеберлерінің этномәдени тәжірибелерін ой елегінен өткізіп, киіз басудың дәстүрлі техникалық тәсілдерін, түс үйлесімділігінің айрықша жұмсақтығын қолдана отырып, суретші әрі ақын, М. Нұрке уақыттан тыс кеңістікке оларды еркін орналастырып, символдық, образдық үндестікке баса назар аударып, көп мағыналы композициялар жасайды.

Киізден жасалған бұйымдар-қазақ халқының өмірінде пайда болған материалдық және рухани мәдениет салаларында туындаған ерекше құбылыс, және ол, фольклормен қатар, білім және тәжірибе, халық даналығы және халық философиясын сақтау және ұсыну ретінде орын алады [9].

Этникалық стильде жасалған қазақстандық дизайнерлердің топтамаларын талдау олардың дизайнда қолданатын қазақ ұлттық киімінің өзекті және функционалдық элементтерін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, қазақтың ұлттық киімінің заманауи киім топтамаларын, жоғары кутюр, дайын киім, имидждік трендтерді құрудың бай шығармашылық көзі ретінде маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Заманауи дизайн тұрғы-

сынан алғанда, әрлеу, технологиялық өңдеу элементтерін тікелей алып, қайталау емес, қазақтың ұлттық киімінің көркемдік-бейнелілік ерекшеліктерін пайдалану перспективалы болады. Әшекейлеу үшін қолданылатын мотивтер мен ою-өрнек элементтері стильдеу пәні болып табылады. Стилизацияда ең бастысы – халықтық мотивтерге еліктеу емес, оларды шығармашылық тұрғыдан қайта ойластыру және солардың негізінде жаңа, заманауи үлгілерді жасау.

Зерттеу барысында жүнмен өңдеу техникасы, яғни киіз, этникалық стильдегі маусымдық костюмдерде этно элемент ретінде қолданылады.

Қазақтар этномәдениетінің материалдық құндылықтарының негізгі құрамдас бөлігі халық қолданбалы өнері болып табылады. Қолданбалы өнер – утилитарлық мақсаты бар және сонымен бірге эстетикалық көркемдік қасиеттерімен ерекшеленетін тұрмыстық заттарды жасау өнері.


Киіз басу өнері қазақ халқының қолданбалы шығармашылығының маңызды бір бөлігі болып табылады. Бұл өнер түрі қола дәуірінің соңынан бері дамып, бүгінгі күнге дейін жеткен. Қазақ мәдениеті көшпелі халықтардың үш мың жылдық дәстүрлерінің мұрагері ретінде киіз басу өнеріне ерекше мән береді. Киізден жасалған бұйымдар тек тұрмысқа қажетті заттар ғана емес, сонымен қатар көркемдік құндылығы жоғары өнер туындылары болып табылады. Киіз басу кәсібі негізінен қой шаруашылығына байланысты, себебі көпшілігі қой жүнінен дайындалады (Сурет 1).

Киіз қазақ үйінің негізгі материалын құрайды. Ауқатты адамдар үйлерін ақ киізбен жабатын. Киізден жасалған бұйымдар қазақ халқының күнделікті тұрмысында маңызды рөл атқарады. Киіз басу кезінде туыс-туғандар мен көршілер бірігіп, асар жасап, бір-біріне көмектесіп, көңілді атмосфера қалыптастыратын. Жұмыс барысында өлеңдер айтылып, түрлі ойындар ойналатын, бұл процесс дәстүрлі мерекеге айналатын (Сурет 1) [10].

Қазіргі уақытта киіз басу технологиясы заманның ағымымен қолданыстың «құрғақ және ылғалды киіз басу» жаңа формасымен енді. Құрғақ киіз басу – арнайы инелердің көмегімен жүн талшықтарын нығыздау. Яғни, инелердегі арнайы керткітері арқылы губкада орналасқан жүнге сұғып қалаған формаларға келтіріп нығыздайды. Бұл әдіс фильцтеу деп аталады. Ылғалды киіз басу технологиясы су сабын және екі қолдың көмегімен орындалады. Алдымен тандалған құрғақ жүнді үстел үстіне жазып қояды, одан соң тағы да қиғашынан жүнді мұқият қойылады. Қойғаннан кейін сабынды сумен ылғалдайды және жүннің талшықтары бір-бірімен біріккенге дейін әртүрлі

бағытта қолмен ысқылайды. Киіз басудың бұл әдісі кезінде сабынды судың әсерінен талшықтар ұзартылады және тегістеледі. Ал бұл жағдай бұйымды кептіру кезінде талшықтар бастапқы

күйге келуге тырысады, яғни, 30%-ға дейін барады. Сол себепті дайындалатын бұйымның өлшемдерін алдын ала есептеп, жоспарлау керек (Сурет 1).



Сурет 1. Киіз басу технологиясы. А) құрғақ жүнді үстел үстіне жаю; ә) ылғалдауға дайын күйі; б) сусабын арқылы жүнді ылғалдау; в) жүн талшықтарын біріктіру үшін, әртүрлі бағытта ысқылау; г) нығыздау мақсатында жүнді илеу; ғ) басылған жүнді нығыздау мақсатында ұрғылау.

Жүнді өңдеу, киіз басу және киізден әрленген киімдер - дәстүрді, заманауи технологияны және шығармашылықты біріктіретін өнер.

Киіз басу – жүнді өңдеудің ең қызықты кезеңдерінің бірі. Ол талшықтарды біріктіру үшін суды, сабынды және физикалық күшті қолдануды қамтиды. Киіз басу дымқыл немесе құрғақ болуы мүмкін және таңдалған әдіске байланысты материалдың әртүрлі құрылымы мен тығыздығы жасалады. Бұл процесс дизайнерлік костюм немесе аксессуар үшін негіз бола алатын бірегей пішіндер мен бөлшектерді жасайды [11].

Костюмдегі киізден жасалған элементтер дайын өнімге әрлеуді қосады. Киіз – тамаша жылу оқшаулағыш және су өткізбейтін қасиеттерге ие материал. Костюмдерді безендіруде киіз

элементтерін пайдалану киімнің функционалдығын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар өзіндік және эстетикалық тартымдылықты арттырады. Киізден жасалған қабаттар, аппликациялар және басқа бөлшектер әртүрлі түстер мен текстураларда жасалуы мүмкін, бұл дизайнерлерге тәжірибе жасауға және жеке көріністерді жасауға мүмкіндік береді [12-14].

Ендеше, жүн өңдеу, киіз басу және киіз бөлшектерімен киімдерді әрлеу шеберлік пен көркемдік талғамды қажет ететін тұтас процесс. Бұл әдістер шығармашылық үшін кең мүмкіндіктер ашады және әдемі ғана емес, сонымен қатар практикалық киім топтамаларын жасауға мүмкіндік береді. Заманауи сән әлемінде, даралық пен

экологиялық тазалық бағаланады, мұндай өнімдер барған сайын өзекті бола түсуде [15].

Заман талабына сай қазақ этно стильдегі элементтермен безендірілген әйелдерге арналған маусымдық жиынтық жасалынды (Сурет 2). Жиынтық 3 бұйымнан тұрады.

А- үлгісінің сыртқы көрінісінің сипаттамасы

1. Бұйымның аталуы, арнайы қызметі, матасы: Әйелдерге арналған

этникалық стильде киізбен декорланған, спандекс матасынан тігілген көктем-күз мезгіліне арналған костюм.

2. Бұйымның силуэті, пішімі, түймеленуі: Жартылай қынамалы, пішімі қондырмалы, сәнді ілгекпен түймеленген, қосымша белдігі бар.

3. Жағасы: шәлді жаға.

4. Жеңі: қондырмалы екі тігісті. Жеңнің астарымен қосып өңделген.

5. Алдыңғы бой жан бөлігінен жартылай артқы бойымен жалғаса киіз элементімен декорланған.

6. Ұсынылатын өлшем: 42-44 өлшемдер.

Б - үлгісінің сыртқы көрінісінің сипаттамасы

1. Бұйымның аталуы, арнайы қызметі, матасы: Әйелдерге арналған этникалық стильде киізбен декорланған барби матасынан тігілген жаз мезгіліне арналған жеңсіз.

2. Бұйымның силуэті, пішімі, түймеленуі: қынамалы, қондырмалы, жасырын батырмамен түймеленген.

3. Алдыңғы бойы киіз элементімен декорланған, артқы бойы төрт бөліктен тұрады.

4. Ұсынылатын өлшем: 42-44 өлшемдер.

В - үлгісінің сыртқы көрінісінің сипаттамасы

1. Бұйымның аталуы, арнайы қызметі, матасы: Әйелдерге арналған этникалық стильде киізбен декорланған шибарқыт (вельвет) матасынан тігілген қыс мезгіліне арналған күртеше.

2. Бұйымның силуэті, пішімі, түймеленуі: силуэті тік, сәнді айқаса түймеленген.

3. Жағасы: жатық жазық жаға.

4. Жеңі қондырмалы, бір тігісті.

5. Алдыңғы бойында екі киізбен декорланған жапсырма қалтасы бар, артқы бойы $\frac{3}{4}$ бөлігі киіз элементімен декорланған.

6. Ұсынылатын өлшем: 42-44 өлшемдер.



Сурет 2. Этно стильдегі маусымдық әйелдер костюмінің жобаланған үлгілері: А – үлгісі күз-көктем мезгіліне арналған костюм, Б – жаз мезгіліне арналған жеңсіз, В – қыс мезгіліне арналған күртеше.

Қазақ этно стиліндегі маусымдық әйелдер жиынтығының тұжырымдамасы мен конструкциялық шешімдері ұсынылды. Әйелдер

костюмінің этникалық ізін жасау арқылы сән мен мәдениетті біріктірудің жаңа үлгілері әзірленді. Этно стильдегі костюмдер қазіргі нарықта

бәсекеге қабілетті болу үшін қажетті сапа мен дизайнның үйлесімін қамтамасыз етеді.

Ұлттық мәдениетіміз бен заманауи дизайнды біріктіру арқылы жаңа этно стильдегі костюмдерді жасау мүмкіндігі зор. Қазақ ұлттық ою-өрнектері мен сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін заманауи контексте қолдану заманауи сән индустриясында маңызды орын алады. Этно стильдің танымалдылығы мен халықтың сұранысы болашақта жаңа дизайнерлік шешімдер мен инновацияларға жол ашады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Koponova, A.Sh & Bekturova, A.K. & Akengin, C.. (2022). ETHNO-STYLE AS A CURRENT PHENOMENON OF MODERN FASHION. The herald of KSUCTA n a N Isanov. 988-992. 10.35803/1694-5298.2022.2.988-992.
2. Denysiuk, Zhanna. (2022). Ethno-Cultural Codes of the Ukrainian Traditional Costume in the Reflection of the World of High Fashion. NATIONAL ACADEMY OF MANAGERIAL STAFF OF CULTURE AND ARTS HERALD. 10.32461/2226-3209.3.2022.266087.
3. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005 ISBN 9965-26-095-8
4. Djurdja Bartlett (2016) Nadezhda Lamanova: Couturier to the Nobility, Tailor to the Masses. DOI: 10.1163/2211730X-12341282, ISBN: 1084-4945
5. Anna A. Kuznetsova, Oleg G. Sanin (2022) THE DOCUMENTARY HERITAGE OF N.P. LAMANOVA AT THE A.A. BAKHRUSHIN STATE CENTRAL THEATRE MUSEUM. DOI: 10.28995/2658-6541-2022-1-118-140, ISBN: 2658-6541
6. Parman FM Art Russian folk costume (method of analysis , classification in terms of modern design costume) : abstract dis. as scientific . report of Doctor of Arts. / Parman Fedor Maksimovic . — M. 1991. — 68 .
7. Aydın, Ayten & Komekova, Möldir. (2025). Philosophy and Characteristics of Kazakh Ethno-Cultural Values. The Universal Academic Research Journal. 7. 183-192. 10.55236/tuara.1739920.
8. Kurmangali, F.T. & Mamayeva, G.B. & Kereyeva, N.Zh. (2025). Қазақ халқының салт-дәстүріндегі ұлттық код. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University FILOLOGY Series. 152. 74-88. 10.32523/2616-678X-2025-152-3-74-88.
9. Лотман Ю.М. О семиотическом механизме культуры. Таллин, 2000, 86б
10. Қазақ қолөнері. Қ.Әмірғазин. Алматы, «Дайк-прес», 2005.
11. Қазақтың ою-өрнектері мен зергерлік бұйымдары. Т.Тілеубекұлы. Астана-2008
12. Шаханова Н. Мир традиционный культуры казахов. Алматы: Казахстан, 2010.- 169с.
13. Нуржасарова М.А. Шильдебасева Л.К. Проектирование казахской национальный одежды в современных условиях. Международная научно конференция «Роль предметов личного потребления в

формировании среды жизнедеятельности человека», МГУДТ, декабрь, 2002.

14. Santos, Heloisa & Lara, Sebastiana & Neto, José. (2020). Wool felt: Characterization, comparison with other materials, and investigation of its use in hospital accessories. Textile Research Journal. 92. 004051752091583. 10.1177/0040517520915836.

15. Popescu, Crisan, and Michaela Dina Stanescu. 2024. "Eco-Friendly Processing of Wool and Sustainable Valorization of This Natural Bioresource" Sustainability 16, no. 11: 4661. <https://doi.org/10.3390/su16114661>

REFERENCES

1. Koponova A.Sh., Bekturova A.K., Akengin C. ETHNO-STYLE AS A CURRENT PHENOMENON OF MODERN FASHION [Ethno-Style as a Current Phenomenon of Modern Fashion]. The Herald of KSUCTA n a N Isanov. 2022; 988-992. doi:10.35803/1694-5298.2022.2.988-992. (In English)
2. Denysiuk Zhanna. Ethno-Cultural Codes of the Ukrainian Traditional Costume in the Reflection of the World of High Fashion [Ethno-Cultural Codes of the Ukrainian Traditional Costume in the Reflection of High Fashion]. NATIONAL ACADEMY OF MANAGERIAL STAFF OF CULTURE AND ARTS HERALD. 2022. doi:10.32461/2226-3209.3.2022.266087. (In English)
3. Qazaq мәдениеті. Entsiklopediyalyq anyqtama-lyq [Kazakh Culture. Encyclopedic Reference]. Almaty: Aruna Ltd. ZHSK, 2005. ISBN 9965-26-095-8. (In Kazakh)
4. Djurdja Bartlett. Nadezhda Lamanova: Couturier to the Nobility, Tailor to the Masses [Nadezhda Lamanova: Couturier to the Nobility, Tailor to the Masses]. 2016. DOI:10.1163/2211730X-12341282, ISBN:1084-4945. (In English)
5. Kuznetsova A.A., Sanin O.G. The Documentary Heritage of N.P. Lamanova at the A.A. Bakhrushin State Central Theatre Museum [The Documentary Heritage of N.P. Lamanova at the A.A. Bakhrushin State Central Theatre Museum]. 2022. DOI:10.28995/2658-6541-2022-1-118-140, ISBN: 2658-6541. (In English)
6. Parman F.M. Art Russian Folk Costume (Method of Analysis, Classification in Terms of Modern Design Costume) [Art Russian Folk Costume: Method of Analysis and Classification in Modern Design]. Abstract dissertation as scientific report of Doctor of Arts. Moscow, 1991. – 68 p. (In English)
7. Aydın Ayten, Komekova Möldir. Philosophy and Characteristics of Kazakh Ethno-Cultural Values [Philosophy and Characteristics of Kazakh Ethno-Cultural Values]. The Universal Academic Research Journal. 2025;7:183-192. doi:10.55236/tuara.1739920. (In English)
8. Kurmangali F.T., Mamayeva G.B., Kereyeva N.Zh. Qazaq khalqynyñ salt-dästürindegi ulttyq kod [National Code in the Traditions and Customs of the Kazakh People]. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University FILOLOGY Series. 2025;152:74-88. doi:10.32523/2616-678X-2025-152-3-74-88. (In Kazakh)
9. Lotman Y.M. O semioticheskom mekhanizme kultury [On the Semiotic Mechanism of Culture]. Tallinn, 2000. – 86 p. (In Russian)

10. Qazaq qolöneri. Q. Ğmirghazin [Kazakh Handicraft]. Almaty: Daik-Press, 2005. (In Kazakh)
11. Qazaqtyń oyu-órnekteri men zhergerlik buyymdary. T. Tileubekuly [Kazakh Ornaments and Jewelry]. Astana, 2008. (In Kazakh)
12. Shakhanova N. Mir traditsionnykh kul'tur kazakhov [World of Traditional Kazakh Culture]. Almaty: Kazakhstan, 2010. – 169 p. (In Russian)
13. Nurjasarova M.A., Shildebaeva L.K. Proektirovanie kazakhskoy natsionalnoy odezhdy v sovremennykh usloviyakh [Designing Kazakh National Clothing in Modern Conditions]. Mezhdunarodnaya nauchno-konferentsiya "Rol' predmetov lichnogo potrebleniya v formirovanii sredy zhiznedeyatel'nosti cheloveka", MGUDT, December 2002. (In Russian)
14. Santos H., Lara S., Neto J. Wool Felt: Characterization, Comparison with Other Materials, and Investigation of Its Use in Hospital Accessories [Wool Felt: Characterization, Comparison with Other Materials, and Its Use in Hospital Accessories]. Textile Research Journal. 2020;92. doi:10.1177/0040517520915836. (In English)
15. Popescu, Crisan, and Michaela Dina Stanescu. 2024. "Eco-Friendly Processing of Wool and Sustainable Valorization of This Natural Bioresource" Sustainability 16, no. 11: 4661. <https://doi.org/10.3390/su16114661>